

БІЛІМДІНІҢ  
АЛДЫНДА  
ШЕКАРА ЖОҚ



Ақмешіт

21 қыркүйек  
сенбі  
№75 (2085)  
2024 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru


апталығы



Сырга сапарлаған ҚР Ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмед-Заки аймақ халқымен жүздесті. Білім саласында халықты толғандырған сауалдарға жауап беріп, тәжірибесімен бөлісті. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде өткен жиында Дархан Жұмаханұлы министрліктің атқарған жұмысын да тілге тиек етті.

2-БЕТТЕ

ЖАСТАР ТЕАТРЫНЫҢ  
МАУСЫМАШАРЫ  
қала күніне арналды



2-БЕТТЕ

«Ауыл аманаты»:  
БАЯУ ЖҰМЫС  
БАҚ БАЙЛАП ТҰР



Сурет ашық дереккөзден

«Ауыл аманаты» бағдарламасына қатысуға ынталы азаматтар көп. Халықтың көпшілігі екі қолға бір күрек тауып, кәсіп ашып, несібесін өзі тергісі келеді. Ойда жоспар жетерлік, бірақ қаражат мәселесі қолбайлау. Міне, ойдағы идеясы мемлекет берген мүмкіндікті пайдаланып, «Ауыл аманаты» бағдарламасына қатысуға жетелейді. Бірақ... Сол баяғы құжат қабылдау мен портал

мәселесі аяққа тұсау болып тұр. Жұмыс баяу жүргендіктен алға қойған мақсатқа жету де жақын күндері орындалмайтын тәрізді. Тұрғындарды толғандырған түйткіл облыс әкімдігінде қаралды. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев халықтың қолын аузына жеткізуді мақсат еткен әрбір бағдарлама іркіліссіз жүзеге асу керектігін айтты.

3-БЕТТЕ

Қызылорда қаласының 206 жылдығына орай өткізілген «Ғалам мен қалам» поэтикалық сайысында республикаға танымал жас ақындар бақ сынасты. Тартысты жыр додасына еліміздің түкпір-түкпірінен іріктелген 9 жас ақын қатысып, Сырдың бас қаласының мерейтойына жырдан шашу шашты.

Жырдан жауһар таққан күн



Қала тұрғындарына ғажайып көңіл-күй сыйлаған мәдени шараға қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев қатысып, ақындарға сәттілік тілеп, қызылордалықтарды мерейлі мерекемен құттықтады.

– Сырдария жағасындағы шырайлы шаһардың өткені мен бүгінгі тарихта алтын әріптермен тасқа басылған. Көшесінде жүріп сағынатын ғажап қаланың жылнамасын жырмен жазып жүрген сіздердің орындарыңыз бір төбе, – деді қала әкімінің орынбасары шығармашылық өкілдеріне құрмет білдіріп.

Қызылорда қаласында алғаш өткізіліп отырған жарысқа қатысқан ақындардың әрбірінің шығармашылық ортадағы орны бөлек. Поэтикалық дуэлінің бірінші кезеңінде ақындар Қызылорда қаласы туралы жазған жырларын оқыса, екінші айналымға өткен 8 ақын өзара жұптасып сарындас, үндес өлеңдерімен шын мықтылар анықталды. Жарыс қорытындысымен қызылордалық Аружан Оралбай Сыр елінде алғаш

рет өткізілген поэтикалық дуэль жобасының жеңімпазы атанып, 300 мың теңгелік сертификатқа ие болды. Жүрекеріне шабыт ұялаған өзге де ақындар өлең өлкесіндегі өрнекті өлеңдерін оқып, елдің қошеметіне бөленіп, 50 мың теңге ақшалай сыйлық және қала әкімінің алғыс хатын иеленіп, құрмет төріне шықты.

Сонымен қатар, қаламыздың мәдени-рухани өміріне, бас шаһардың өркендеуіне белсенді үлес қосып жүрген бір топ зиялы қауым өкілдері марапат биігіне көтерілді. Олардың қатарында Сайлаубай Жұбатырұлы, Қатира Жәленова, Қазына Өзденбаева, Тілеген Бекарыстанов, Оңталап Базаралиев, Гауһар Қожахметова, Айнагүл Әбуова, Нұрлан Көбегенұлы, Аружан Оралбай бар.

Тағылымды шара аясында биыл 80 жасқа толған балалар ақыны, педагогика ғылымдарының докторы Рахат Наурызбаеваға арнайы құрмет көрсетіп, сый-сияпат жасалды.

«Ақмешіт-ақпарат»

Биыл қазан айынан бастап 11 жастағы қыздарды адам папилома вирусына қарсы вакцинациялау шарасы жүргізіледі деп жоспарлануда. Бұл өз кезегінде жатыр мойны обырының алдын алуға сеп болмақ.

АДАМ ПАПИЛОМА ВИРУСЫ:  
ВАКЦИНА ҚОРҒАН БОЛА МА?

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, адам папилома вирусы вакцинасы 6 айлық аралықпен 2 рет егіледі. Оған қарсы 2 валентті вакцина 16, 18 типті антигендерінен және 4 валентті вакцина 6, 11, 16, 18 типті антигендерінен тұрады. Қолданыстағы вакциналардың тиімділігі өте жоғары саналады. Аталған вирусқа қарсы вакцина ҚР Ұлттық ету күнтізбесіне енгізілген. Екпе ата-аналардың келісімімен жүргізіледі.

Бүгінде қауіпті вирусқа қарсы вакцина әлемнің 110-нан астам елінде енгізілген. Оның ішінде Өзбекстан және Қырғызстан сынды бауырлас елде бар.

Вирус туралы  
не білеміз?

Аталған вирусты 1960 жылдан бастап неміс вирусологы Харальд Зур Хаусен ойлап тапқан екен. Ғалым осы жаңалығы үшін Нобель сыйлығын да алған. Расында бұл вирус өте қауіпті саналады. Облыстық онкология орталығының онко-гинекологы Индира Бақтыбаеваның айтуынша, вирустың салдары әйелдерде жатыр мойнының, ер адамда ауыз қуысының, жұтқыншақтың қатерлі ісігіне апаруы мүмкін.

– Адам папилома вирусы өте қауіпті. Тіпті 10 адамның 8-інде кездесуі мүмкін. Алайда ағзада оның бар екені білінбейді. Оның басқа да вирусты ауру сияқты алғашқы белгісі болмайды. Тек зертханалық



тексеру арқылы анықталады. Ал адам иммунитеті төмендеген кезде қатерлі ісік арқылы көрініс табуы мүмкін. Сондықтан оның алдын алу үшін екпе алған дұрыс. Жұртшылық екіге үрке қарауда. Шындығында вакцина ағзадағы тұрақты иммунитетті қалыптастырады. Сондай-ақ бұл екпе өлі саналады. Екпенің репродуктивті функциясына кері әсері жоқ. Яғни бедеулікке апармайды, – дейді онколог маман.

Әлемде ең көп таралған вирусқа жататын мұның бүгінгі күні зерттелген штаммының өзі 200-ден асады екен. Ал ең қауіптісі 16 және 18 типтегі вирус саналады. Жоғарыда айтылған қатерлі дертті тудырушы да осы екі типтегі түрі. Сондай-ақ адам папилома вирусының бұдан бөлек тағы 10 түрі қауіпсіз ісік тудырады-мыс. Штамдардан сүйел, кондилома, респираторлық папилломатозға пайда болатын көрінеді.

2-БЕТТЕ

Цифрландыру дәуірінде білім беру елеулі өзгерістерге ұшырап, цифрлық платформалар оқу үдерісін ажырамас бөлігіне айналуда. Осы бастаманың жемісі – электронды күнделік оқушылар үшін де, мұғалімдер үшін де бірқатар жеңілдіктер ұсынатын оқудағы инновациялық тәсілдің жарқын үлгісі ретінде қалыптасты. Цифрлық күнделікті пайдалану кестеге, үй тапсырмасына және бағаларға жылдам қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы оқу процесін онтайландыруға мүмкіндік береді.

Әлемдік тәжірибе

«Рамблер» порталында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, әлемде электрондық күнделік жүйесін пайдалантын елдер көп. Мәселен, Бельгиядағы Фландрия қаласында аймақтық мектептерде электронды оқытуға жасанды интеллект енгізілген екен. Мұғалім тақырыпты түсіндіріп, содан кейін жасанды интеллект баламен жұмыс істей бастайды. Ол балаға бейімделіп, баланың оқу жылдамдығын, оның зейінінің қалыптасуы мен дамуы деңгейін және басқа да ақпаратты таниды. Бұл – әрбір оқу орнына арналған жеке онлайн платформа. Жасанды интеллект оқушының үлгерімін талдап, содан кейін кері байланыс береді. Сабақты жақсы түсінген балалар үй тапсырмасын алмайды. Бейжіңдік журналист Николай Мастеров Қытай мектептеріндегі білім



Сурет ашық дереккөзден

ЭЛЕКТРОНДЫ КҮНДЕЛІК:  
білім берудегі жаңа дәуір

өте жоғары деңгейде екенін хабарлайды. Оның айтуынша, Қытайдағы жекеменшік мектептерде барлық пәндер шет тілінде оқытылады. Оқыту деңгейі басқа: электронды күнделік, үй тапсырмасы барлығы да бала мектепке келіп, компьютерін ашып, сабақ оқиды, мұның көрпін ата-анасы немесе мұғалімдері онлайн қадағалай алады. Ең қызығы оқушы өзімен бірге оқу құралдарын алып жүрмейді. Шанхайлық ата-аналар арнайы бағдарлама арқылы кез келген уақытта сыныптағы

оқу үдерісін онлайн бақылай алады екен. Үндістанда да ата-аналар балаларының бағаларын бақылай алатын электронды журналдар бар. Лингвомәдениеттанушы, нью-делилик журналист Нидхи Балачандранның айтуынша бұл жүйе ата-аналар оқу процесінде енгізілуін қалайтын пәнді көрсетіп, өз ұсыныстарын білдіретін бірегей платформа. Ал еліміздегі сондай платформалардың бірі – «Kundelik.kz».

2-БЕТТЕ

Тағылымы терең  
«KITAP time»

Әбділа Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада ІІІ жалпыреспубликалық «KITAP time» фестивалі өтті. Адамның рухани қуатын арттыратын көркем шығарманың болмысын ашып, кітапсүйер қауыммен қауыштырып, мәдени құндылықтарды көпшілік оқырманға насихаттауды мақсат еткен іс-шара күні бойы бірнеше бөлікте ұйымдастырылды.



2-БЕТТЕ

# БІЛІМДІНІҢ АЛДЫНДА ШЕКАРА ЖОҚ

Білім – қонақ, ақыл – қожайын. Алған білімді қайда, қалай жұмсау керегін адамның ақылы шешері хак. Елдің келешегі білімді жастар екені айқын, десең те елде білім аламын деген жастардың қолтығынан демеу қаншалықты жүзеге асуда?! Жиында вице-министр білім саласындағы өрге басқан қадамдарды айтты.

– Биыл мемлекеттік грант саны 93 952-ге жетті. Бакалавриат бойынша шақыртылатын гранттардың саны 20 пайызға, магистратура, докторантура бойынша 15 пайызға артты. Сонымен қатар, өзекті мәселелердің бірі жатақхана құрылысы кезең-кезеңімен шешімін табады. Қазіргі таңда 10 576 орындық 27 жатақхананың құрылысы жүрде. Бұдан бөлек, елімізде 9 шетелдік жоғары оқу орнының филиалы ашылды, – деді вице-министр.

Елімізде жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған жұмыс жоспары бекітілді. Онда жоғары

және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің негізгі қорытындылары, педагогтарды даярлау, инженерлік білім берудің ұлттық моделі, студенттерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз ету, шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдары, жастарды әлеуметтендіру және тәрбиелеу, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту, әлемдік цифрлық кітапханалар мен платформаларға қолжетімділік, ғылымды әкімшілендірудің жаңа моделі, ғылыми әлеуетті арттыру, коммерциализация жобаларының нәтижелері, тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бар. Мұның барлығының өз алдына міндеттесі мен жауапкершілігі көзделген. Дархан Жұмаханұлы әрбір жоба мен бағдарламаның байыпты бағыттарына жеке-жеке тоқталды.

Кездесуден кейін жеке қабылдау ұйымдастырылды. Вице-министр ғылым мен жоғары білімге қатысты негізгі мәселелер бойынша өтініштер мен ұсыныстарды тыңдап, сұрақтарға жауап берді.

«Ақмешіт-ақпарат»

Басы 1-бетте



ҚАЛА ТЫНЫСЫ

## ЖАСТАР ТЕАТРЫНЫҢ МАУСЫМАШАРЫ

### қала күніне арналды

Қызылорда аспанын эн мен жырға бөлейтін «Қала күні» мерекесінің шымылдығы қалалық Жастар театрының сахналарымен өткен «Неге, жаным, шығарып сала алмадың?..» лирикалық драмасымен түрлі.

ның көркемдік жетекшісі Оңталап Нұрмаханов.

Койылымның басталған сәттен-ақ көрерменді иіріп әкеткені зал ішіндегі күрсіністер мен ризашылықпен қошемет білдірулерден сезіліп тұрды.

Премьера аяқталған соң Жастар театрының жаңа маусымына арналған қала әкімінің ықылас гүлі тарту етіліп, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыпар Тажмаханов драма авторлары мен театр труппасына ерекше қойылым үшін алғыс айтты. Сондай-ақ, лирикалық драма авторлары ақын-журналист Тольбай Абылаев пен режиссер-сценарист Оңталап Нұрмаханов, Арал ауданынан келген Зейнолла ақынның жерлестері атынан «Арал әлемі» газетінің редакторы Ергали Абдулла



Зейнолла ақынның халық жадынан мәңгі өшпейтінін тілге тиек етті.

Бүгінгі Жастар театрының жаңа маусымдағы жаңа қойылымы қала күні мерекесінің де ресми түрде басталғанын сүйіншілейді.

Қала күні мерекесін тойлау биыл қыркүйек айының 17 жұл-

дызынан басталып, 12 қазанға дейін арнайы бекітілген жоспар бойынша қала тұрғындары мен қонақтарына мерекелік концертті сыйлайтын түрлі деңгейдегі мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылатынын бұған дейін де айтқан болатынбыз.

«Ақмешіт-ақпарат»



## Тағылымы терең «KITAP time»

Қалың оқырман үшін берері мол келетін кітапхана Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана директоры Нұрлыбек Мыңжас фестивалдің маңызына тоқталды.

– Сіздерді бүгінгі республикалық «KITAP time» фестивалінің ашылуымен

құттықтаймын. Қадірлі оқырман Ғабит Мүсірепов айтады «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артық ұрпаққа қалдырған рухани өсеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар еді» деп. Кітапхана – қалың оқырман мен кітаптың арасындағы алтын көпір. Сондықтан мұндай маңызды мәдени шаралар өткізіліп тұру керек. Ал сіздерге есігіміз әрқашан ашық, – деді ол.


Мұнан соң кітапхананың тұрақты және белсенді оқырмандарына Қызылорда облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекованың «Кітапхана лидері», «Ең көп кітап оқыған оқушы», «Абонемент көшбасшысы», «Оқу залының көшбасшысы» аталымдары мен алғыс хаттары табыстылды.

Сондай-ақ, «Поэзия – сөз өнерінің алтын тағзы» тақырыбына поэзия кеші, «Кітап пен жарқын әлемге» тренинг сағаты, «Ертегілер әлемі» атты ертегі кейіпкерлерінің шеруі, «Ақмешіт жастары» газетінің бас редакторы А.Жолтерек және газет ұжымымен кездесу, күміс көмей әніш Мәдина Ералиеваның туғанына 70 жыл толуына арналған ән кеші, «Кітап және кино әлемі» кино-ойыны, әдеби-библио бар, «Жаңа заман әдебиеті» және ұмыт бола бастаған әдебиеттерден «Білім сандығы» кітап көрмесі мен ретро бұйымдардан көрме оқырмандардың таным көкжиегінің кеңеюіне ықпал етті.

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА



Басы 1-бетте



# ЭЛЕКТРОНДЫ KUNDELİK: білім берудегі жаңа дәуір

Білім беруді жаңа деңгейге көтеретін отандық платформа

Үздік баға үшін бонус

Көпшіліктің ойында «Kundelik.kz» тек қана электронды журнал ретінде қалыптасқан болуы мүмкін. Бірақ «Kundelik.kz» – бұдан әлдеқайда кең ауқымды жоба, білім беруді жаңа деңгейге көтеретін қазақстандық цифрлық платформа.

Бұл бағалау жүйесінің ашықтығын арттыруға көмектесіп, сонымен қатар оқушылар, ата-аналар және мұғалімдер арасындағы байланысты жеңілдетеді. Қазақстанның білім беру үдерісіне электронды күнделікті енгізу заманауи және қолжетімді білім беру ортасын құрудағы алға жасалған қадам. Бұл әкімшілік процедураларды жеңілдетіп қана қоймай, сонымен қатар өскелең ұрпақтың цифрлық дағдыларын дамытуға көмектесіп келеді. «Kundelik.kz» – оқу мен дамуың жаңа көкжиектерін ашатын дәстүрлі білім мен жаңа технологиялық шешімдер арасындағы көпір. Еліміздегі электронды «Kundelik.kz» жүйесі оқу үлгерімі мен сабаққа қатысуын қадағалау процесін жеңілдетіп, оқушының оқуға деген ынтасын арттыруға көмектесіп, үлгерімін бақылауға септеседі. Мұғалімдер үшін Kundelik.kz сабақты тиімді жоспарлауға және оқу материалын басқаруға мүмкіндік беріп, білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Бүгінгі таңда «Kundelik.kz» жүйесі еліміздің білім беру саласында үлкен маңызға ие. Оның тиімділігі мен қолжетімділігі әрбір пайдаланушы үшін оқу процесін жеңілдетіп, сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады.

Платформада 630 млн аса сабақ бар

Соңғы сегіз жыл ішінде «Kundelik.kz» жүйесі оқу үдерісінің ажырамас бөлігіне айналып, миллиондаған оқушы мен ата-ана үшін сенімді электронды күнделікке айналды. Іске қосылған сәттен бастап платформа 3,5 миллионнан астам оқушыны тіркеді. Бүгінде «Kundelik.kz» электронды күнделігі 630 миллион сабақ, ҚР Оқу-ағарту министрлігімен серіктестік платформасында оқу бағдарламасына сай келетін 15 мыңнан аса бейне-сабақ орналасқан.

«Kundelik.kz» компаниясының сандық қызметтер менгерушісі Ердоқ Мадинаевтың айтуынша, платформа тек білім берумен шектелмей, серіктестік жобалар арқылы қосымша артықшылықтар ұсынады.

– Еліміздің жетекші кітап баспалары: «Атамұра», «Алматы Кітап», «Мектеп», «Көкжиек-Горизонт», «Арман-ПВ» электронды кітаптары, интерактивті сабақтар, білім беру қосымшалары – бұлардың бәрі біздің пайдаланушыларымызға жаңа технологияларды қолдануға үйретеді. Testter.kz платформасымен ынтымақтастық аясында ұстаздарға біліктілікті арттыру бойынша тәжірибе процедурасына дайындалудың бірегей мүмкіндігі ұсынылған, – дейді Ердоқ Әбілбекұлы.

Сандық мұғалім

Платформада мұғалімдерге арналған «Сандық мұғалім», «Kundelik-Expert» кәсіби біліктілікті арттыру курстары бар. Бұл курстар мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыруға, заманауи технологияларды пайдалана отырып, білім беру сапасын жағарылатуға бағытталған. Курсқа тәжірибе мен интерактивті тапсырмалар арқылы білімін тексеруге мүмкіндік бар. «Сандық мұғалім» курсының нәтижесі қуантарлық. Онлайн-курсты бүгінге дейін 100 мыңнан аса мұғалім оқыған.

Басы 1-бетте

София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ



